«№ 3 Хромтау орта мектебі» КММ Қамқоршылық кеңесінің отырысы

ХАТТАМА № 1

Өтетін күні: 28 қаңтар, 2022 жыл

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-ана, кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну /кеңес төрайымы Кеукенова Г.Н /
2. Педагог қызметкерлердің біліктілігін көтеру жұмыстарының қорытындысы. /директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары - Казиева Н.С /
3. Мектеп кітапханасындағы оқушылар мен мұғалімдермен ұйымдастырылатын жұмыстарға талдау /кітапханашы Талтанова А.А/

1.Тыңдалды: Кеңес төрайымы - Кеукенова Гульмира Нагашыбаевна

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет Қамқоршылық кеңестің жалпы ережелері , негізгі атқаратын қызметі , өкілеттілігі, қамқоршылық кеңестің жұмысының ұйымдастырылуы жөнінде және 2023 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Кеңес мүшелеріне мектепте өткізілетін барлық мерекелік шараларға қатысуды ұсыныс ретінде айтып өтті.

2. Педагог қызметкерлердің біліктілігін көтеру жұмыстарының қорытындысы.
директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары - Казиева Н.С

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 ж 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 ж 12 қарашадағы №561 бұйрығы. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары. Аттестаттау күнтізбелік жылдағы /қаңтар, мамыр, тамыз-желтоқсан/ уақыт аралығында өтеді. Аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды: педагогтер үшін:

1)Біліктілік тестілеу ; 2) Эссе ; 3)біліктілік бағалау ;

4)қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау.

Мектепте кадр саны-79. Педагог зерттеуші -21. Педагог-сарапшы -23. Педагог -модератор -19. Педагог-16. Санат бойынша сапа-55,6 %. Барлық пән бірлестіктері бойынша санаты жоқ мұғалімдерге тоқталып өтті.

3. Мектеп кітапханасындағы оқушылар мен мұғалімдермен ұйымдастырылатын жұмыстарға талдау /кітапханашы Талтанова А.А/

«Бәріміз бірге оқимыз» жобасы аясында Қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын оқушылар мен ата-ангаларға, ұстаздарға насихаттау. Мектеп ұжымын , ата-аналар мен оқушыларды кітап оқуға тарту, кітап оқитын орта қалыптастыру. Отбасылық оқуды насихаттау мектеп кітапханашыларының материалдық базасын дамыту. Кітапхана қорын көркем әдебиеттермен толықтыру.

Сөз алғандар: Касенова Алмагуль Ербулатовна -кеңес мүшесі - Қамқоршылық кеңестің 2022 жылға арналған жылдық жұмыс жоспарымен келісемін. Жасөспірімдердің бос уақытын қадағалау мақсатында сынып жетекшілер мен пән мұғалімдері сыныптан тыс шараларды тиімді ұйымдастырса.

Ситекенов Ондасын -кеңес мүшесі Жоғарыда айтылған мектеп оқушыларын кітап оқуға ынталандыру мақсатындағы «Бәріміз бірге оқимыз» жобасының жұмысы уақытылы жүргізілсе оқушылардың кітап оқуға ынтасы артады.

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Педагог қызметкерлердің біліктілігін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
3. Оқу мәдениетін дамыту мақсатында ұйымдастырылған іс-шаралардың сапалы өткізілуі қадағалансын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Кеукенова Гульмира Нагашыбаевна

Хатшы: Жолдыбаева Г.Ж

Қамқоршылық кеңес мүшелері: Реймов Қуандық Есболсынұлы

Ситекенов Ондасын

Мырзагельдин Қуаныш Таңжарықұлы

Амангалиева Нургул Жолмұратқызы

Биржанов Марал Кансултанович

Курманбаев Ардақ Бақтыбаевич

Касенова Алмагуль Ербулатовна

Бримжанова Альбина